

бас

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Лисаков қаласы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ  
2025-2026 оқу жылындағы педагогтердің бос лауазымға конкурстық комиссия отырысының №1 хаттамасы

Өткізу күні: 11.08.2025 ж.

Өткізу орны: 204 каб.

Уақыты: 15.00

Қатысқандар: 8 адам (7 комиссия мүшесі + 1 хатшы)

Күн тәртібінде:

1. Конкурстық комиссияның мүшелерін сайлау
2. Конкурстық комиссияның уақытын хабарлау

**1.Тындалды. Конкурстық комиссияның мүшелерін сайлау.** Сөйледі. Директордың оқу-істері жөніндегі орынбасары Танирбергенова А.Ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 бұйрығымен енген өзгерістер «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» «Лисаков қаласы білім бөлімінің Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі педагогтерді жұмысқа қабылдау үшін 8 адамнан тұратын конкурстық комиссиясы құрылды: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі – Тулебаева Д.Ж., кәсіподақ ұйымының төрайымы Құрметбек Б., тарих пәні мұғалімі Жансүгір Д.С., физика пәні мұғалімі – Аяпбергенова Ж.О., бастауыш сынып мұғалімі Акишова Ш.Б., қамқоршылық кеңесінің мүшесі Стригина Ю.Б., қалалық білім бөлімінің әдіскері Жамаева А.Т.. Конкурстық комиссияның 7 мүшесінен, оның ішінде конкурстық комиссия мүшелерінің қатарынан сайланатын Төрағадан тұратын алқалы жұмыс органы болып табылады. Комиссия құрамына білім беру ұйымының әкімшілігі өкілдері, тиісті деңгейдегі әдістемелік кабинет немесе білім беру ұйымы кабинетінің әдіскерлері, білім беру саласының азаматтық қоғамының мүшесі, қалалық білім бөлімінің маманы, педагогтер. Конкурстық комиссия отырыстары аудио/бейне жазбамен сүйемелденетіні ескерілді. Отырысқа қатысқан педагогтердің ұсынысы бойынша конкурстық комиссияның төрағасы болып қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі – Тулебаева Д.Ж., конкурстық комиссияның хатшысы ретінде, комиссия мүшелері қатарына кірмейтін Демеубаева А.К. химия пәні мұғалімі ұсынылды. Бұл ұсынысты барлық комиссия мүшелері қолдады.

**2. Конкурстық комиссияның уақытын хабарлау.** Сөйледі. ДОТІЖО Танирбергенова А.Ж. Конкурстық комиссияға құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 бұйрығы 2 параграф 31 тармағы бойынша 7 жұмыс күн ішінде құжаттарды қабылдайтыны және қабылданған құжаттарды қарастыруға 5 жұмыс күн берілетіндігі айтылды. Педагогтерді жұмысқа қабылдау ҰБДҚ базасы <https://hr-pobd.edu.kz>, яғни Модульдің штаттық режимде жұмыс жасағанына дейін Қағидалардың 91-тармағына сәйкес, бос лауазымдарға педагогтерді тағайындау конкурсын және конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау қағаз түрінде жүзеге асырылатынын айтып өтті.

### Шешімі:

1. Конкурстық комиссия төрағасы Тулебаева Д.Ж., хатшысы Демеубаева А.К. тағайындалсын.
2. Конкурстық комиссия құжаттарын қабылдау уақыты 12 - 21 тамыз аралығы, құжаттарды қарастыру уақыты 22 - 28 тамыз аралығында қарастырылсын.

Конкурстық комиссияның төрағасы:

 Тулебаева Д.Ж.

Конкурстық комиссияның мүшелері:

 Құрметбек Б.

 Жансүгір Д.С.

 Аяпбергенова Ж.О.

 Акишова Ш.Б.

Стригина Ю.Б.

 Жамаева А.Т.

Конкурстық комиссияның хатшысы:

 Демеубаева А.К.